

Бекітемін:

Мектеп директорының м.а.:  Хохрякова Г.В.

«10» 11.25.

**Қазақ тілі мен әдебиет әдістемелік бірлестігінің 2025-2026
оқу жылының апталығына арналған жоспары**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Сынып	Уақыты	Жауаптылар
1	Апталықтың ашылуы. «Сөз өнері» атты видеошашу	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері	10.11.2025 фойе 7.30-8.00	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Сьез А.С.
2	«Көркем жазу» сайысы	2 сыныптар	10.11.2025	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Итемген А.Т.
3	Абай Құнанбаевтың 180- жылдығына арналған «Ең сауатты оқушы» диктант сайысы	7 сыныптар	10.11.2025	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Каримова Д.Д.
4	«Бұл- менің отбасым»	16 1 ауысым 3 сабақ	11.11.2025 9.50-10.35 311 кабинет	Сьез А.С
5	«Ұлы Жібек жолы»	7«В» 1 ауысым 4 сабақ	11.11.2025 10.45-11.30 308 кабинет	Жанибекова Б.Е.
6	«Сиқырлы кілем»	4 «А» 2 ауысым 4 сабақ	12.11.2025 17.10-17.55 209 кабинет	Есмуратова А.Ж.
7	«Сиқырлы кілем»	4 «А» 2 ауысым 4 сабақ	12.11.2025 17.10-17.55 212 кабинет	Тажина Д.Б.
8	“Ұлы Жібек жолы”	7”Г” 1 ауысым 1-сабақ	12.11.2025 8:00-8:45 311 кабинет	Сейіл А.С.
9	«Түлкі мен қырғауыл»	5«А» 2 ауысым, 5 сабақ	12.11.2025 18.00-18.45 308 кабинет	Айдын Б.А
9	“Жылдың төрт мезгілі” ашық сабақ	3”В” 2 ауысым 1 сабақ	13.12.2025 10.45-11.30 314 кабинет	Тажина Н.С.
10	Абай Құнанбаевтың 180- жылдығына арналған «Жыл мезгілдері» сурет көрмесі	3 сыныптар	13.11.2025	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Тажина Н.С., Айдын Б.А.
11	“Тауды мекендейтін аң- құс”	5 а 2 ауысым 1 сабақ	14.11.2025 14:30-15:15 207 кабинет	Итемген А.Т.
12	«Бәйге» сайысы	5-6 сыныптар 2 ауысым	17.11.2025	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Бейбітхан Е.Б., Есетова А.М.

13	«21-ғасырдың көшбасшысы» интеллектуалдық ойын	8 сыныптар 1ауысым	17.11.2025	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Сейіл А.С., Жанибекова Б.Е.
14	Абай Құнанбаевтың 180-жылдығына арналған «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» мәнерлеп оқу сайысы	4 сыныптар	18.11.2025	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Тажина Д.Б., Есмуратова А.Ж..
15	Қадыр Мырза Әлі-философ ақын	10«Б» 1ауысым, 2сабақ	19.11.2025 8.55-9.40 212 кабинет	Аскарова А.К.
16	«Туған өлке туралы телехабарлар»	7«В» 1ауысым 5сабақ	19.11.2025 11.35-12.20 102 кабинет	Каримова Д.Д.
17	«Туған өлкедегі киелі жерлер»	7 «Б» 1ауысым 6 сабақ	19.11.2025 12:25-13:10 308 кабинет	Есетова А.М.
18	«Сөз өнері» атты онкүндігінің жабылуы «Абайдың кітабы» атты бейнебаян	9,10,11 сыныптар	20.11.2025 Мәжіліс залы	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Аскарова А.К., Каримова Д.Д., Есетова А.М.
19	Әдістемелік бірлестіктің «Сөз өнері» атты онкүндігінің пікірталасы	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері	21.11.2025 12.00-13.00 208 кабинет	Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері

Ә/Б жетекшісі:



Каримова Д.Д.

Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің онкүндігі туралы 2025-2026 оқу жылына арналған ақпараты

Астрахан ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебінде жоспар бойынша 10 қараша мен 21 қараша аралығында «Сөз өнері» атты қазақ тілі мен әдебиет онкүндігі өтті. Осыған орай қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері мектептің фойесі безендірді.



Осыған орай қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімдері мен барлық буын оқушылары белсенді қатысты.

Осының нәтижесінде 10 қарашада безендірілген мектеп фойесінде қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері онкүндіктің ашылуын «Сөз өнері» атты видеошашуымен ашты.



Инстаграммға сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DQ3JB2gDPqL/?igsh=OWdkNG13YzdrOGMy>

10 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Сөз өнері» онкүндігінің аясында 2-сынып оқушылары арасында «Көркем жазу» сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты – оқушыларды ұқыптылыққа, сауатты әрі әдемі жазуға, шығармашылыққа баулу. Сондай-ақ жазу мәдениетін қалыптастыру. Балалар сайысқа бар ынтасымен қатысып, жазу шеберліктерін көрсетті.



Инстаграммға сілтеме:

[/ https://www.instagram.com/p/DQ4TaUajPfh/?igsh=MWg0OTdtdGNtdmJidg==](https://www.instagram.com/p/DQ4TaUajPfh/?igsh=MWg0OTdtdGNtdmJidg==)

10 қарашада қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері “Сөз өнері” онкүндігінің аясында, Абай Құнанбайұлының 180-жылдығына орай, 7 сыныптар арасында “Ең сауатты оқушы” атты диктант жазу байқауын өткізді. Байқаудың мақсатты – қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылық жөніндегі оқушылардың білімдерін тереңдетіп, толықтыру, алған білімдерін нақыштап қорытындылау және сауатты жазуға баулу. Соның нәтижесінде: Каирова Диляра 7 «Г» сынып оқушысы-1 орын, Нығымет Аяжан 7 «Б» сынып оқушысы-2 орын, Щербинина Анастасия 7 «А» сынып оқушысы-3 орынға иеленіп, марапатталынды.



Инстаграммға сілтеме:

[/ https://www.instagram.com/p/DQ4TaUajPfh/?igsh=MWg0OTdtdGNtdmJidg==](https://www.instagram.com/p/DQ4TaUajPfh/?igsh=MWg0OTdtdGNtdmJidg==)

11 қарашада Съез Ахбота 1 “Б” сынып оқушыларымен “Бұл — менің отбасым” тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Оқушылар өз отбасылары туралы әңгімелеп, жаңа сөздерді қолданып сөйлеу дағдыларын көрсетті. Сабақ барысында балалардың қызығушылығы мен белсенділігі ерекше байқалды.

Сабақта мұғалім жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра білді. Оқушылар белсенді қатысып, тақырып бойынша өз білімдерін тәжірибе жүзінде көрсетті.



Инстаграммға сілтеме:

https://www.instagram.com/p/DQ677CsjD4C/?utm_source=ig_web_button_share_sheet

11 қарашада Жанибекова Б. Е. 7 «В» сыныбында «Ұлы Жібек жолы» атты ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға Ұлы Жібек жолының тарихы мен маңызын түсіндіру; мәтін арқылы тілдік қорларын байыту және байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру; топтық жұмыс барысында бір-бірімен пікір алмасуға, ынтымақтасуға тәрбиелеу.

7 «В» сыныбында өткен ашық сабақ өз мақсатына жетті.

Оқушылар тақырыпты қызығушылықпен меңгеріп, белсенділік танытты.

Сабақ барысында қолданылған әдіс-тәсілдер мен ИИ құралдары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.



Инстаграммға сілтеме:

https://www.instagram.com/p/DQ6_P8QjGxU/?utm_source=ig_web_button_share_sheet


12 қарашада Есмуратова А. Ж. 4 «А» сыныбында «Сықырлы кіліем» атты ашық сабақ өткізді. Оқушылар тыңдаған мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнын түсінеді, жаңа сөздермен сөз тіркесін құрастырады.

Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мәтіннің мазмұнын тірек сөздердің көмегімен айтады, барыс септігінің ережесін түсінеді, жалғауларды дұрыс жалғауды үйренеді.

Сабақ мақсаттары дұрыс қойылған. Мұғалім әр түрлі білім көздерін (оқулық, слайд, үлгілер, бейнежазба, кестелер, ойындар, қолдана отырып, өтілген материалдың терең ұғынылуына қол жеткізді. Оқушылардың ой-санасын оятып, ынталандырып, оларды өз беттерімен жұмыс істеуге үйренуіне ерекше көңіл бөлді.

Сабақ жоспарында сабақтың барлық кезеңдері қамтылған. Үй тапсырмасын сұрап, өткен тақырыптарды бекітуде оқушылар белсенділік көрсетті, өз сұрақтарына дұрыс жауап берді.

Жаңа тақырыпты тірек сөздер мен суреттерді көрсету арқылы тақырыпты болжау арқылы тақырыпты ашып, мәтіндермен тиімді жұмыс жүргізе алды. Тапсырмалар сабақ мақсатаны мен тақырыбына сай байланысты таңдалып, оқушылардың өз ойларын жүйелі қорытып айтуға ұйымдастыра білді. Сабақтың барысы дұрыс ұйымдастырылды. Сабақтың қызықты, тартымды болуы үшін тақырыпқа сай бейнежазба көрсетіліп, тапсырмалармен құралған ойындар ойнатылды. Тапсырмалар арқылы оқушылар жаңа сөз және сөз тіркестерімен танысты, барыс септігінің жасалу жолы және сұрақтарын меңгерді. Қазақ тілін жақсы меңгеру үшін, сабақ бойынша мұғалім оқушылардың тілдерін жаттықтырады. Сабақта оқушылар топтық, жұптық және жеке тапсырмалар орындады. Оқушыларға осылай топтық, жұптық және жеке бағалаған ұнады.




Инстаграммға сілтеме:

https://www.instagram.com/p/DSK24g9jO0N/?utm_source=ig_web_button_share_sheet

12 қарашада Тажина Н. С. 4 «А» сыныбында «Сиқырлы кіліем» атты ашық сабақ өткізді. Педагогикалық бағыт: Тіл дамыту, жазылым және айтылым дағдыларын жетілдіру.

Сабақтың мақсаты — оқушылардың тәуелдік және септік жалғауларды ажыратып, сөйлемде дұрыс қолдануына бағытталды. Сабақ жоспар бойынша өтті. Оқушылар белсенді, ынталы болды. Тақырып оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырды. Оқушылар септік және тәуелдік жалғауларын сөйлемде дұрыс қолдануды үйренді. Өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе алды. Мәтін мазмұнын түсініп, сурет пен сөз арасындағы байланысты анықтады. Қолданылған әдіс-тәсілдер: «Миға шабуыл», «Ойлан, тап», «Сөйлем құра», «Диаграмма толтыру». Бұл әдістер оқушылардың ойлау, салыстыру және талдау қабілетін дамытуға ықпал етті. Келесі сабақта оқушылардың жазылым дағдысын тереңдетуге және сөздік қорын байытуға назар аудару қажет.




Инстаграммға сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/DSMVpacDAkG/?>

12 қарашада Сейіл А.С. 7 «В» сыныбында «Ұлы Жібек жолы» атты ашық сабақ өткізді. Ұлы Жібек жолы туралы толық мағлұмат беру, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары арқылы тапсырмаларды орындау.

Тілдік құрылымдар негізінде ұлы дала өркениеті жайлы ақпарат беру. «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы бойынша Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады

Оқу мақсаттары білім стандартына сай құрылды. Сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізілді. Сабақ басында, жылулық ортасын жасап, психологиялық ахуалды ЖИ әдісін қолдану арқылы оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Үй жұмысын тексеру арқылы, сабақтың тақырыбы айқындалды. Оқушылар екі топқа бөлінді. Айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдылары орындалды. 7 «Г» сынып оқушылары жаңашыл әдістерді қолдану арқылы қазақ тілінде сөйлеу мәдениеті дамыды, сабақтарда өтілетін тапсырмаларды жақсы ұғына алды. Оқушылар әрекеті дискрипторлар арқылы бағалау критерийлері мен бағаланды. Сабақта оқу үлгерімі әр түрлі деңгейдегі оқушылар бақылауға алынды.

Сабақ барысында презентация, аудиотыңдалым, үлестірмелі карточкалар, оқулық, сергіту сәті қолданылды. Топтағы әр берілген тапсырмаға уақыт қойылып отырды. Сабақ жоспары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылып, міндеттерді орындай арқылы, сабақ өз мақсатына жетті. Әр оқушының жұмысы бағаланып, кері байланыс жасалды.



Инстаграммға сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DQ8fhcgDHHz/?igsh=MWMYyWNidWc2Z2o0MA>

==

12 қарашада Айдын Б.А. 5 «А» сыныбында «Түлкі мен қырғауыл» атты ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты – алдыңғы өткен тақырып бойынша білімді бекіту болды. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігі жоғары болды. Мұғалім слайд, жұптық және жеке тапсырмалар, сондай-ақ интернетсіз презентация және ойын элементтерін тиімді пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын арттырды.

Сабақ оқушылармен жағымды ахуал тудырудан басталды. Үй жұмысы ойын түрінде сұралды. Тапсырмалар арқылы оқушылар мәтін мазмұнын еске түсіріп, жануарларға сипаттама бере отырып сын есімдерді сөздер ішінен ажырату, мағынасын түсіну және өз бетімен қолдану дағдыларын бекітті. Постер жасау арқылы оқушылар негізгі ақпаратты жинақтап, өз көзқарастарын шығармашылықпен жеткізе білді.

Сабақ барысында оқушылар өзін-өзі бағалады. Бағалау «Ми» әдісі арқылы жүзеге асты. Бұл балалар арасында өздерін бағалап үйренулеріне мүмкіндік берді.

Жеке және жұптық тапсырмалар арқылы оқушылар өз бетімен жұмыс істеуге, бір-бірімен ынтымақтастықта әрекет етуге дағдыланды. Сабақ соңында оқушылар кері байланыс беріп, өздерінің білімін қаншалықты бекіткенін көрсетті.



Инстаграммға сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/DSK1Y8yCDJ1wPs0suwQu_oyyq7eeC3QoEIq7Ys0/?igsh=dHRqbmdmbmd4amcx

13 қарашада, Тажина Н.С.. 3 «В» сыныбында «Жылдың төрт мезгілі» атты ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау. Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау. Сабақ «Есім акроним» әдісі психологиялық ахуалмен басталды. Жаңбыр тамшылары арқылы топқа бөлінеді. Өткен сабақтың тапсырмасын тексереді. Тапсырманы айтады, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында жыл мезгілдері туралы бейнебаян көрсетіледі. «Киіз үй» әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қойылады.

Сабақ барысында тақырыпқа сай тыңдалым, оқылым, сөйлеу дағдысы бойынша суретті көрнекіліктер мен видео тапсырмалары орындалды. Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдердің барлығы талапқа сай жүргізілді. Оқушылар әр тапсырманы қызығушылықпен орындады. Оқушылар сабақ соңында өз-өздерін бағалады. Кері байланыс пен бағалау да өзгеше түрде өткізілді.



Инстаграммға сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DREY2rRjHup/?igsh=MWpxaXd3OWx3MnQyNg=>

13 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерімен 3-сыныптар арасында Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Жыл мезгілдері» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Оқушылар Абайдың «Жаз», «Қыс», «Күз», «Жазғытұры» өлеңдері негізінде әр жыл мезгіліне арнап сурет салып, шығармашылық жұмыстарын көрсетті.

Көрменің мақсаты:

- Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасын насихаттау;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Табиғатты сүйе білуге, көркем ойлау мен эстетикалық талғамды арттыру.



Инстаграммға сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/DRAL6ZyjAK0/?igsh=ZzU4dWRyYXk3cDkx>

14 қарашада, Итемген А.Т.. 5 «А» сыныбында «Тауды мекендейтін аң-құс» атты ашық сабақ өткізді. **Сабақтың мақсаты:** Тірек сөздерді дұрыс қолдана отырып, иллюстрацияларды сипаттау. Лексикалық мағынасы жағынан заттың

түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажыратып, жазба, ауызша жұмыстарда пайдалану. Сабақ «Қолшатыр» әдісі психиологиялық ахуалмен басталды. Өткен сабақтың тапсырмасын «Ми қозғау» әдісі арқылы тексерілді. Шамның артында жасырылған сөздің орысша-қазақша баламаларын айту арқылы суретті ашады. Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында тауды мекендейтін аң-құс туралы бейнебаян көрсетілді. «Валюта» әдісі арқылы оқушыларға жазбаша тапсырма берілді. Тапсырмада әр оқушыға септік жалғау жалғау керек сөздер үлестірілді. «Спираль» әдісі барысында мәтінді оқып, мәтіннен сын есімнің мағыналық түрін ажырату керек болды. Сабақта қолданылған әдіс - тәсілдердің барлығы талапқа сай жүргізілді. Оқушылар әр тапсырманы қызығушылықпен орындады. Оқушылар сабақ соңында өз-өздерін «тиындар» арқылы бағалады. Кері байланыс «Шырағың сөнбесін» әдісі арқылы жүзеге асырылды.



Инстаграммға сілтеме:

https://www.instagram.com/p/DSNbPZTjP8a/?img_index=2&igsh=MTNnNGZrbTdtb25zMA==

17 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерімен 5-6-сыныптар арасында «Бәйге» атты сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың мақсаты: Ойынның тарихын түсіндіру, қазақтың ұлттық ойындарында күш, икемділік дағдыларын дамыту. Ойын 3 айналымнан тұрды. Бірінші айналымда жеңімпаз-Сейлова Асия, екінші айналымда-Васев Рудольф.




17 қарашада, 8 сыныптар арасында «XXI ғасыр- көшбасшысы» интеллектуалдық сайысы өткізілді. Мақсаты мен әдістері:- Оқушыларды білімді, жан-жақты болуға баулу, білуге, үйренуге қызығушылығын арттыру, жарысуға ұмтылуын

дамыту, көшбасшылық қабілеттерін ояту, білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу. Жалпы 6 бала қатысты.

Сайыс кезеңдері.

- 1-кезең: «Мақал-мәтелдер» - жалғасын табу;
- 2-кезең: «Ұлттық аспаптар» - түрлерін таба білу;
- 3-кезең: «Тіл білгірі» - таңдалған сұрақтарға жауап беру.

Нәтижесінде барлығын жеңіп шыққан «XXI ғасыр- көшбасшысы» аттанған - Шугубаева Ламис. Арнайы номинациялармен марапатталған :Каирова Аяна,Кременицкая Арина. Беспаета Айлин,Қуантай Алан,Кременицкая Арина,Фогус Анна. Әділ қазы мүшелері қатысушыларды марапаттады



Инстаграммға сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DRJZ2CGDBTs/?igsh=endqenpzcnV2aG5q>

18 қарашада , 4 сыныптар арасында Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы” атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Мақсаты – оқушылардың ақын шығармашылығына деген қызығушылығын арттыру, көркем сөйлеу дағдысын дамыту, сахналық және тіл мәдениетін қалыптастыру. Сайысқа барлығы 15 оқушы қатысып, өз шеберліктерін көрсетіп, Абай өлеңдерін мәнерлі түрде орындады. Оқушылар өлең мәтінін дұрыс түсініп, мазмұнын тыңдарманға әсерлі жеткізуге тырысты. Сайыс нәтижелері:

I орын — 4 “В” сынып оқушысы Джоева Диана

Өлеңді әсерлі, дауыс ырғағын дұрыс сақтап, көркем жеткізгені үшін.

II орын — 4 “В” сынып оқушысы Мустафина Дарина

Түсінікті, анық, мазмұнды мәнерлеп оқу шеберлігі үшін.

III орын — 4 “Б” сынып оқушысы Саттыбалдина Диана

Сенімді орындауы және сахнада өзін еркін ұстағаны үшін.

Арнайы номинациялар:

“Ең көркем сөз мәнері”


“Ең анық әрі сенімді дауыс”

“Ең сүйкімді орындаушы”

“Ең эмоционалды оқушы” — номинациямен марапатталды.

Жалпы іс-шара жоғары деңгейде өтті. Оқушылар Абай шығармашылығына қызығушылық танытып, өздерінің сөйлеу мәдениеті мен сахналық қабілеттерін

көрсете алды. Бұл сайыс балалардың шығармашылық белсенділігін арттырып, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін нығайтты.



Инстаграммға сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DRNURdCAB6B/?igsh=c2RhM3ZpeDNzc2Vu>

19 қарашада, Аскарова А.К. 10 «А» сыныбында «Қадір мырза Әлі-философ ақын» атты ашық сабақ өткізді

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасай алады, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады;
- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіне біледі.

Сабақ барысында қойылған мақсаттарға жету үшін оқушылар алған білімін көрсету тиіс және жаңа тақырыптың мазмұнын түсініп, жаңа ақпаратты қолданып, ойларын жеткізу. Мұғалім әр түрлі білім көздерін (оқулық, слайдтар, кестелер,) қолдана отырып, өтілген материалдың терең ұғынылуына қол жеткізді, өз беттерімен жұмыс істеуге үйретуіне ерекше көңіл бөлді.

«Сенің есімін» психологиялық ахуалдан сабақ басталды. Мысалы: Марат М-мейірімді, А-ақылды, Р-риза, А-айбынды, Т-төзімді.

Үй жұмысын тексеру: Өткен жаңа сөздерді қайталау, Сан есім ережесі бойынша тест тапсырмасы.

Сабақ барысы:

- Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады, жаңа тақырыпқа байланысты сөздіктермен жұмыс.
- Берілген сұрақтарға жауап бер.

* «Философ ақын» дегенді қалай түсінесің?

* «Ана тілің- арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!» деген өлеңнің идеясы қандай? Осы өлеңнің авторы туралы не білесің?

«Атамекен» әннің авторы кім?

- Суретке қара. Бұл кісі кім? Оның бейнесін сипаттап жаз.

- **Айтылым**

Аудиомәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

*Қадыр Мырза Әлі қашан, қайда туған?

*Ол қай оқу орнын бітірген?

*Қадыр Мырза Әлі еңбек жолын қайда бастаған?

*Ол қандай мекемелрде жұмыс істеген?

Ақынның алғашқы өлеңі қандай басылымда жарияланған?

*Тұңғыш жинағы қашан шыққан?

- **Айтылым**

«Қадыр Мырза Әлі» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайындаңдар.

1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім (кім? не?):
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім (қандай?).
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік (не істеді/істейді?),
4. бірінші зат есіммен төрт сөзден тұратын сөйлем.
5. Ол - кім?


- **Жазылым**

Аудиомәтін бойынша Қадыр Мырза Әлінің түйіндемесін жаз.

Қорытынды: «Бір минутта» әдісі: Оқушылардың есінде қандай жаңа сөздер қалды

Үй жұмысы беріліп, оқушыларға сабақ үшін алғысымды білдіріп, сабақты аяқтадым.

Сабақ өте қызықты, мазмұнды өтті. Оқушылар белсенді, бар білімін көрсете білді.



19 қарашада, Каримова Д.Д. 7 «В» сыныбында «Туған өлке туралы телехабарлар» атты ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Ақпараттың өзектілігін анықтайды; қарсылықты, салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру қызметін білу; ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.

Сабақ мақсаттары дұрыс қойылған. Мұғалім әр түрлі білім көздерін

(оқулық, слайд, үлгілер, кестелер,) қолдана отырып, өтілген материалдың терең ұғынылуына қол жеткізді, оқушылардың ой-санасын оятып, ынталандырып, оларды өз беттерімен жұмыс істеуге үйретуіне ерекше көңіл бөлді.


Сабақ жоспарында сабақтың барлық кезеңдері қамтылған.. Үй тапсырмасын сұрап, өткен тақырыптарды бекітуде оқушылар белсенділік көрсетті, өз семантикалық карталарын қорғады. Оқушылар жауаптарының өткен сабақпен байланыстырып жүйелі, белсенді жауап берді.

Сабақта психологиялық ахуал туғызып, оқушылардың ынтасын сабаққа аударды. Жаңа тақырыпты мақал-мәтел арқылы тақырыпты болжау арқылы ашып, мәтіндермен тиімді жұмыс жүргізе білді. Тапсырмалар сабақ мақсатына сай таңдалынған, оқушылардың өз ойларын жүйелі қорытып айтуға ұйымдастыра білді. Сабақтың барысы дұрыс ұйымдастырылуда болып шықты. Сабақты қызықты, тартымды болуға оқушылар диалог құрып, сөздік қорын дамытты, сөйлеуге, үйренуге тырысады. Қазақ тілін жақсы меңгеру үшін, сабақ бойынша мұғалім оқушылардың тілдерін жаттықтырады. Оқушыларға осылай формативті түрде өзін – өзі бағалау немесе көрші оқушының жетістігін, кемшілігін бағалаған ұнады.



19 ақпанда, Есетова А.М. 7 «Б» сыныбында «Туған өлкедегі киелі жерлер» атты ашық сабақ өткізді. **Сабақтың мақсаты:** оқушылардың бойында отансүйгіштік, туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру, рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту, азаматтық сананы қалыптастыру. Сабақ жоспарында сабақтың барлық кезеңдері қамтылған. Үй тапсырмасын сұрап, өткен тақырыптарды бекітуде оқушылар белсенділік көрсетті, салалас құрмалас сөйлемнің (ыңғайлас, қарсылықты) түрлерін қайталады. Оқушылар тапсырманы дұрыс орындап, жалғаулық шылауды дұрыс қолданды. Сабақ психологиялық ахуалдан басталды, жаңа тақырыпты киелі жерлердің суреттері арқылы ашты, киелі жерлердің түрлерімен де, жаңа тақырып бойынша жаңа сөздермен танысты, ауызша сөз тіркес құрастырды.

Сабақ барысында оқушылар сергіту сәті, топтық, жұптық, жеке жұмыстарын орындады, "Сиқырлы қорап" әдісі өткізілді. Оқушылар өздерін өзін-өзі бағалау арқылы бағалады. Сабақ оқушыларға ұнады, барлық жоспарланған тапсырмалар



орындалды.

Инстаграммға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/76117350459?pwd=FAduT776D8eGln9t8c3l9yf7aoR1z>

2025 жылдың 10 тамызында ұлы қазақ ақыны, философы, сазгері және ағартушысы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толды. Оның шығармашылығы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына негіз болды, ал философиялық идеялары халықтың рухани дамуына терең әсер етті. Абай білімге, прогресске және бірлікке деген сүйіспеншілікті насихаттады. Оның «Қара сөздері» сияқты еңбектері бүгінгі күнге дейін өзекті болып, жаңа буындарды шындық пен үйлесімділікке ұмтылуға шабыттандырады. Осыған орай 20 қарашада «Сөз өнері» атты онкүндігінің жабылуы аясында 9, 10, 11 сыныптарымен бірге «Абайдың кітабы» атты бейнебаян түсірдік.



Бұл апталық барысында түрлі іс-шаралар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылып, оқушылар өздерінің қазақ тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Мақтау грамоталары мен алғыс хаттар оқушылардың еңбегін бағалап, олардың тілге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізді. Қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, ұлттың бай мұрасын насихаттауға үлес қосты.

Қазақ тілі мен әдебиет онкүндігі бойынша жоспарланған, ойға алынған барлық іс-шаралар жақсы ойдағыдай өтті, деп ойлаймын.

Ә/Б жетекшісі:



Д.Д.Каримова